

Қазынашылық облигациялар	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
10-летние, США	4,01	-	4 -	7 -
10-летние, Казахстан	16,99	-	10	16
10-летние, Gilt	4,53	-	14 -	9 -
10-летние, Bund	2,58	-	6 -	10

Money market indices	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
SOFR	4,30	15	-8,0 -	1
EUORDEPO	1,87	-1	-1	-104
TONIA	17,01	271	142	271
TWINA	17,06	228	116	228
SWAP-1D (USD)	9,66	-	103	91
SWAP-2D (USD)	9,61	-	111	71

Credit spreads (OAS)	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
US HY (LF98TRUU Index)	319,52	-	1 061	1 832
US IG (LUACTRUU Index)	78,84	-	135	410 -
EM HY (BEBGTRUU Index)	408,29	-	792	1 694
EM IG(I04276US Index)	92,17	-	3	145 -

Fixed income

US Treasuries. Апта қорытындысы бойынша АҚШ қазынашылық облигацияларының кірістілігі біршама әркелкі динамика көрсетті. Дүйсенбі күні АҚШ облигациялар нарығы Колумб күні мен Байырғы халықтар күніне орай жабық болды. Сейсенбіде Джером Пауэлдін сөзі мен Халықаралық валюта қорының өсім болжамын қайта қарауы нәтижесінде кірістілік төмендеді, бұл ақша-кредит саясатын жұмсарту күтулерін күшейтті. Сәрсенбіде Қытаймен сауда келісімінің болашағына қатысты күмәндердің артуы 10 жылдық облигациялар кірістілігінің уақытша төмендеуіне себеп болды, алайда күн соңына қарай нарық тұрақсыз сауда салдарынан қайта өсім көрсетті. Бейсенбіде инвесторлар жылдың соңына дейін Федералдық резерв екі рет пайыздық мөлшерлемені төмендетеді деген күтулерін күшейткендіктен, оның ішінде 50 базистік тармаққа дейін төмендету мүмкіндігін қосқанда, қазынашылық қағаздар нығайтын жалғастырды. Жұма күні аймақтық банктердің жағдайы туралы деректер жарияланған соң, қорғанаш активтеріне деген қызығушылықтың төмендеуіне байланысты кірістілік ішінара қалпына келді.

Корпоративтік облигациялар. Өткен аптада қарыз нарықтарындағы кірістілік пен спредтердің динамикасы әркелкі бағытта дамыды. АҚШ-тың жоғары кірісті облигациялар сегментінде (US HY) спредтердің айтарлықтай тарылуы байқалды, бұл теріс жиынтық кірістілікпен қатар жүрді. АҚШ-тың инвестициялық деңгейдегі облигациялары (US IG) да спредтердің шамалы тарылуын және біршама оң кірістілікті көрсетті. Дамушы нарықтарда жоғары кірісті облигациялар (EM HY) спредтердің кеңеюін және оң жиынтық кірістілікті көрсетті, ал инвестициялық деңгейдегі қағаздар (EM IG) спредтер мен кірістілік бойынша тұрақты көрсеткіштерін сақтап қалды. Жалпы алғанда, бұл динамика инвесторлардың сақ оптимизмін және тәуекелді активтерге деген қызығушылықтың біртіндеп қалпына келуін көрсетті.

МБҚ нарығы. Өткен аптада Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жалпы көлемі 102 млрд теңге болатын екі мемлекеттік облигация шығарылымын орналастырды, осылайша жоспарланған көлемдердің басым бөлігін орындады. Негізгі сатып алушылардың қатарында екінші деңгейлі банктер болды, олардың үлесіне соңғы орналастырулар көлемінің орта есеппен 60%-ы тиді. Алдағы аптада Қаржы министрлігі жалпы сомасы 150 млрд теңге болатын үш мемлекеттік бағалы қағазды (МБҚ) орналастыру бойынша аукциондар өткізуді жоспарлап отыр.

Өткен аптадағы МБҚ орналастырылуы

ISIN	Тикер	Күні	Шығарылым көлемі, млн тг	Кірістілік, %	Купон, %	Өтелуіне дейінгі мерзім (жыл)
KZKD00001228	MUM096_0014	14.10.2025	19 444	17,25%	14,00	2 008 (6)
KZKD00001186	MUM180_0015	14.10.2025	82 812	17,20%	10,78	3 911 (11)


Алдағы МБҚ орналастырулары

ISIN	Тикер	Күні	Жарияланған көлем, млн тг	Купон, %	Өтелуіне дейінгі мерзім (жыл)
KZKD00000972	MUM216_0001	21.10.2025	40 000	8,48	3 879 (10,8)
KZK100000423	MKM012_0161	21.10.2025	40 000	-	206
KZK200000778	MOM060_0055	21.10.2025	70 000	16,95	1 788 (5)


Негізгі мөлшерлемелер

Ел / аймақ	Негізгі мөлшерлеме	Шешім қабылданған күн	Келесі отырыс күні
АҚШ	4,25%	17.09.2025	29.10.2025
ЕОБ	2,15%	11.09.2025	30.10.2025
Қазақстан	18,00%	13.10.2025	28.11.2025

МБҚ бойынша SPOT қисығы



US Treasury Yield Curve



Кірістілік пен спредтердегі өзгерістер



Centras Securities Telegram-арнасына жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>
Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Қор индекстері	Мәні, теңге	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
АҚШ			
S&P 500	6 664,01	1,70%	12,1%
NASDAQ	22 679,98	2,14%	15,6%
DJIA	46 190,61	1,56%	9,0%
CBOE Volatility Index (VIX)	20,78	-4,06%	28,8%

Еуропа			
FTSE 100	9 354,57	-0,77%	13,7%
DAX	2 008,27	-1,83%	18,4%

Азия			
Hang Seng	25 247,10	-3,97%	27,8%
Nikkei 225	47 582,15	-1,05%	21,1%
Shanghai SE	3 839,76	-1,47%	19,6%

Қазақстан			
KASE	7 044,76	-1,57%	24,1%

Валюта	Мәні	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	537,24	0,10%	2,4%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	10,89	-0,43%	-25,0%
EUR/USD	1,17	0,28%	13,0%

Тауар-шикізат нарықтары	Мәні	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Brent (USD/BBL)	61,3	-2,30%	-19,9%
WTI (USD/BBL)	57,5	-2,31%	-22,2%
Золото (USD/OZS)	4 189,9	5,38%	58,4%

Алдағы аптаның жарияланымдары		
Күні	Ел	Жарияланым
Сейсенбі, 21 қазан	Еуроаймақ	Еуроаймақ ЕЦБ төрайымы Кристин Лагардтың сөзі
	АҚШ	ФРЖ Әкілі Кристофер Уоллердің сөзі
Сәрсенбі, 22 қазан	Еуроаймақ	Еуроаймақ ЕЦБ төрайымы Кристин Лагардтың сөзі
	АҚШ	Мұнай қорының көлемі
Бейсенбі, 23 қазан	АҚШ	АҚШ Бастапқы жұмыссыздық жәрдемақысына өтімдер саны
	АҚШ	Екінші нарықтағы тұрғын үй сату көлемі (қыркүйек)
	Еуроаймақ	Еуроаймақ Өндіріс секторындағы іскерлік белсенділік индексі (PMI) (қазан)
Жұма, 24 қазан	АҚШ	Негізгі тұтыну бағалары индексі (айлық) (қыркүйек)
	АҚШ	Тұтыну бағалары индексі (айлық) (қыркүйек)

Әлемдік қор нарықтары

Апталық сауда нәтижесінде қор нарықтары өсіммен жабылды. S&P 500 индексі 1,70%-ға өсіп, 6 664,01 пунктке жетті; Nasdaq Composite 2,14%-ға көтеріліп, 22 679,98 пунктке жетті, ал өнеркәсіптік Dow Jones 1,56%-ға қымбаттап, 46 190,61 деңгейінде жабылды.

Апта қорытындысы бойынша АҚШ қор нарықтары сауда-саяси тәуекелдер, корпоративтік есептіліктер және макроэкономикалық күтулердің тоғысуы аясында жоғары құбылмалылық көрсетті.

Аптаның басында инвесторлар Дональд Трамптың Қытай импортына 100%-дық баж салығын енгізу және америкалық технологиялардың экспортын шектеу жөніндегі мәлімдемесінен кейін акция бағаларының күрт құлдырауына тап болды. Бұл жаңалықтар сауда қақтығысының ұшығуы мен жаһандық жеткізу тізбектеріндегі үзілістерге қатысты алаңдаушылықты күшейтіп, технологиялық және қытайлық компаниялардың акцияларының жаппай сатылымына себеп болды.

Одан кейін нарықтағы көңіл-күй жақсарды — Трамптың риторикасының жұмсаруы және ай соңында Си Цзиньпинмен кездесуге дайын екендігі туралы мәлімдемелері индекстердің қалпына келуіне ықпал етті. Сондай-ақ OpenAI мен Broadcom арасындағы жасанды интеллект процессорларын бірлесіп өндіру жөніндегі серіктестік туралы жаңалық технология секторының акцияларын өсіріп, оптимизмді арттырды.

Аптаның ортасында сауда динамикасы аралас сипат алды: инвесторлар Citigroup, Wells Fargo, Morgan Stanley және Bank of America секілді ірі америкалық банктердің мықты қаржылық есептерін бағалады. Бұл нәтижелер нарықты қолдағанымен, Вашингтон мен Бейжің арасындағы шиеленістің сақталуы және жаңа порттық алымдардың енгізілуі нарықтың тұрақты өсуіне кедергі келтірді. ФРЖ төрағасы Джером Пауэллдің теңгерімді саясат туралы мәлімдемесі мен ХВҚ-ның жаһандық өсім жөніндегі болжамды қайта қарауы нарыққа ұстамды оптимизм қосты.

Аптаның соңында инвесторлардың назары аймақтық банктердің жағдайына ауысты. Zions Bancorporation және Western Alliance акцияларының бейсенбі күні күрт төмендеуінен кейін сақтық байқалғанымен, жұма күні котировкалар ішінара қалпына келіп, қор индекстері сауда аптасын өсіммен аяқтады.



Мұнай

Өткен аптада Brent маркалы мұнай бағасы 2,3%-ға төмендеп, барреліне 61,29 АҚШ долларына дейін түсті. Америкалық WTI маркалы мұнайдың да бағасы 2,3%-ға азайып, барреліне 57,54 АҚШ долларын құрады.

Апта қорытындысы бойынша мұнай нарығында құбылмалылық жоғары болды. Бұл жағдай АҚШ пен Қытай арасындағы сауда қатынастарының жақсаруы жөніндегі үміттер мен жаһандық сұраныстың баяулауы және ұсыныстың артық болуына қатысты алаңдаушылықтың қатар әсерінен қалыптасты.

Аптаның басында мұнай бағасы өсті — Дональд Трамптың Қытай басшысымен кездесу өткізуі мүмкін деген мәлімдемелері сауда шиеленісінің азаюына үміт тудырып, нарыққа оң әсер етті. Алайда сейсенбі күні бағалар қайта төмендеді — Халықаралық энергетикалық агенттіктің есебінде мұнайға деген сұраныстың баяулап, жаһандық жеткізілімдердің артып келе жатқаны айтылды.

Аптаның ортасына қарай нарықтағы қысым күшейді. Мұнай бағасы мамыр айынан бергі ең төменгі деңгейіне дейін түсіп, бұл АҚШ пен Қытай арасындағы сауда келіспеушіліктерінің сақталуы және келесі жылы ұсыныстың артық болуы мүмкін деген МЭА болжамдарына байланысты инвесторлардың алаңдаушылығын арттырды. Бейсенбі күні бағалар сәл қалпына келуге тырысқанымен, апта соңында сұраныс пен ұсыныс теңгеріміне қатысты белгісіздіктің сақталуы мұнай бағасының төмендеуімен аяқталды.



Centras Securities Telegram-арнасына жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>
Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

АҚ “Сентрас Секьюритиз” • Алматы, 050008, Манас к., 32А • тел.: (727) 259 88 77 • www.cesec.kz • info@centras.kz

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз"-тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз"-тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.